

Бұланды аудандық мәслихатының шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 ақпандағы № 5С-45/5 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Нормативті құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 40 бабына сәйкес, Бұланды аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2015 жылғы 11 қарашадағы № 5С-42/2 "Бұланды аудандық мәслихат аппаратының "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 5078 болып тіркелген, 2015 жылғы 11 желтоқсанда № 50 "Бұланды Таңы" аудандық газетінде жарияланған) шешімі күші жойылды деп танылсын.

2. Шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Кезекті 45 сессияның төрағасы

А.Алдабергенов

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Ш.Құсайынов